

## Сбербанк беларусь техникасын сатып алу үшін кәсіпкерлерге жеңілдікті кредит беруде

**«Сбербанк» АҚ ЕБ Беларусь Республикасы Үкіметімен қазақстандық кәсіпкерлерге Беларусь елінде өндірілген тауарларды сатып алу үшін жеңілдікті кредиттер беру туралы келісім жасады.**

«Беларусь Республикасында өндірілген тауарларды Қазақстан Республикасында сатып алу үшін кредиттер беру шарттары туралы келісім» аясында кәсіпкерлер заемның пайыздық мөлшерлемесінің 5,5% мөлшеріндегі өтемақысын ала алады (өтемақы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен орнатылған қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде жүзеге асырылады).

Есептеу тәсілі		
Кредит бойынша мөлшерлеме	ҚР ҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	Қорытынды мөлшерлемесі
18%	5,5%	12,5%

*«Қазіргі таңда Қазақстанда ірі техникаларға деген сұраныс көбінесе импорт есебінен қанағаттандырылады. Ал Беларусь Республикасы Қазақстанға машина жасау өнімдерін жеткізетін елдер арасында көшбасшы орында. Аталмыш бағдарлама қазақстандық кәсіпкерлерге шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ауылшаруашылық, құрылыс, металлургия мен басқа да стратегиялық маңызды салаларда өндірілетін отандық өнімдер өндірісінің жаңартылуына және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға өз септігін тигізетін болады», - деп атап өтті «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов.*

Кәсіпкерлер жеңілдікті кредитті ірі ауыршаруашылық техникасын, тракторлар, карьер өзі аударғышын, сонымен қатар іштен жану қозғалтқышын, автошиналар, технологиялық жабдықтар мен басқа да жабдықтарды сатып алу үшін ала алады.

### **Анықтама:**

**«Сбербанк» АҚ ЕБ** халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк 9 жыл бойы Қазақстанның қаржылық нарығында табысты еңбек етуде. Қазақстанның барлық ЕДБ арасында активтер мөлшері бойынша 4-орында. Қазіргі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 16-сы филиал болып табылатын 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі тұлғаларға хабарласа аласыз:**

«Сбербанк» АҚ ЕБ  
Екатерина Купреева  
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)  
Ұялы тел.: +7 702 18 16 127  
e-mail: [yekaterina.kupreeva@sberbank.kz](mailto:yekaterina.kupreeva@sberbank.kz)

Евгений Круглик  
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)  
Ұялы тел.:+7 707 75 00 681  
e-mail: [yevgeniy.kruglik@sberbank.kz](mailto:yevgeniy.kruglik@sberbank.kz)  
[www.sberbank.kz](http://www.sberbank.kz)